**"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 ақпандағы N 82 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 1 ақпандағы
N 82 қаулысымен
бекітілген

**"Ұлттық ақпараттық технологиялар"**
**акционерлік қоғамын дамытудың**
**2005-2007 жылдарға арналған**
**ЖОСПАРЫ**

Астана қаласы, 2005 жыл

## 1. БӨЛІМ. Ұлттық компанияның жай-күйі және оның дамуының перспективалары туралы баяндама

### 1.1. Кіріспе

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталында мемлекеттің 100% қатысу үлесімен мемлекеттік ақпарат жүйелерін құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым ретінде "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын құру туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына сәйкес құрылды. "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулысымен оған " Банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы" жабық акционерлік қоғамының қосылуы жолымен Қоғам қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысымен Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жүзеге асырады.

"Ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысына сәйкес Қоғам ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор болып айқындалды. Жарияланған жарғылық капиталы - 610 млн. теңге.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 90-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі (жалғыз акционер) Төрағасының 2004 жылғы 21 қыркүйектегі N 202-п бұйрығының негізінде "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. 2004 жылғы 1 қазанда Астана қаласының Әділет департаменті Қоғамды қайта тіркеді (тіркеу N 9223-1901-АО).

Қоғам қызметінің негізгі мәні коммуникациялық орта мен мемлекеттік ақпарат ресурстарының өзара іс-қимыл жүйесін жасау, жалпы пайдаланудағы ақпарат базасын қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық ақпарат жүйелерімен ынтымақтастық болып табылады.

Ұлттық оператор ретінде Қоғамның ақпараттандыру саласындағы негізгі қызметі:

мемлекеттік ақпарат жүйелерінің өзара іс-қимылын, олардың әлемдік ақпарат ресурстарына және ақпарат жүйелеріне интеграциялануын қамтамасыз ету;

ведомствоаралық мемлекеттік ақпарат жүйелерін сүйемелдеу мен пайдалануды жүзеге асыру;

жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық талабын қанағаттандыру мақсатында олардың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпарат ресурстарына қолжетімділігі үшін техникалық жағдайлар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік ақпарат ресурстары мен ақпарат жүйелерінің тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

Алға қойған міндеттерді тиімді және сапалы орындау, Ұлттық оператордың функциялары мен өкілеттіктерін іске асыру мақсатында 2003 жылғы қазаннан бастап Қоғамның мынадай негізгі бөлімшелерді қамтитын құрылымы жұмыс істейді (1-сурет):

1) орталық аппарат;
2) өндіріс департаменттері;

3) Алматы филиалы;

4) өңірлік орталықтар.

1-сурет. Қоғам басқармасының құрылымы (Қағаз мәтіннен қараңыз)

Ұлттық оператордың міндеттерін қамтамасыз ету үшін Қоғам құрамында мынадай өндіріс бөлімшелері жұмыс істейді: Ақпарат жүйелерін сервистік сүйемелдеу департаменті, Сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсету департаменті, Жобаларды әзірлеу және басқару департаменті, Ақпарат ресурстары мониторингі және әдістемесі департаменті, Алматы филиалы және 15 өңірлік орталықтар.

Алматы филиалы және аймақтық орталықтар компьютерлік, желілік және шеткері жабдықтарға сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, республикалық салық комитеттерінің ақпарат жүйелерін сүйемелдеу мен оларға әкімшілік етуді жүзеге асырады, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтер көрсетеді.

Орталық аппарат басқарудың әкімшілік тұтастық екенін білдіреді (2-сурет), ол Қоғамға жалпы басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын, перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлейді, мемлекеттік органдармен, мемлекеттік емес құрылымдармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде Қоғам мүддесін білдіреді.

2-сурет. Орталық аппараттың құрылымы (Қағаз мәтіннен қараңыз)

Орталық аппарат бөлімшелері Қазақстан Республикасының ұлттық ақпарат инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) жасасқан шарттарды, мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен сүйемелдеу жөніндегі және телекоммуникациялық қызмет көрсетулер жөніндегі шарттарды жалпы сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Орталық аппарат акционерлерге, Директорлар кеңесіне және басқа да бақылаушы органдарға қаржылық және өндірістік есептілікті табыс етуді қамтамасыз етеді.

Қоғам қызметкерлерінің тізімдік саны 2004 жылғы 1 қаңтарға 256 қызметкерді құрады.

Жоспарланған жұмыс көлемін орындау мақсатында қызметкерлердің штат санын 2005 жылы - 381 бірлікке дейін, 2006 жылы - 428 бірлікке дейін, 2007 жылы - 447 бірлікке дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Компания алдына қойылған міндеттерді орындауға бағытталған корпоративтік басқару моделі пайдаланылып, оны басқарманың негізгі төрт органы:

жоғары органы - акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы - директорлар кеңесі;

алқалық атқарушы орган - басқарма;

бақылаушы орган - аудит секторы жүзеге асырады.

Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Басқарма төрағасы (Президент) жүзеге

асырады, ол басқарудың дара басшылық пен алқалық басқару қағидаттарын ұштастыра отырып, ақпараттандыруда мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз етеді.

## 1.2. Нарықты талдау (қызмет салалары)

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру шығыстарын талдау деректері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларға 2000-2002 жылдары республикалық бюджеттен 24,3 млрд. теңге жұмсалған, оның 88%-ін бюджеттік бағдарламаның алты әкімшісі игерген. 2003 жылы мемлекеттік органдарды ақпараттандыруға 8,2 млрд. теңге бөлінді.

Тұтастай алғанда мемлекеттік органдардың (жұмыс істейтін және жоспардағы) ақпарат жүйелерін олардың нысанына қарай мынадай тәртіпте жіктеуге болады:

1) жалпы мемлекеттік жүйелер;
2) мемлекеттік деректер базасы;
3) қаржылық жүйелер;
4) экономиканың сала жүйелері;
5) әлеуметтік саланың жүйелері;
6) құқық және құқық қорғау ақпараты жүйелері;
7) мемлекеттік органдардың әкімшілік-басшылық қызметін қамтамасыз ету жүйелері;
8) қамтамасыз ету жүйелері.

Талдау көрсеткендей есепті кезең ішінде мемлекеттік органдардың тұтастай қатары жергілікті мәселелерді әзірлеуден бастап интеграцияланған бөліп таратылған көпдеңгейлі ақпарат жүйелерін жасауға көшті. Әзірлеу негізінен қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар қолданыла отырып жүзеге асырылады.

Деректер базасы қазіргі заманғы ДББЖ (Oracle, Informix, Microsoft, SOL Server, Lotus Notes) қолданыла отырып құрылады. Мұнымен қатар қолданыстағы жергілікті міндеттер немесе ескі буындағы аспаптық құралдарда іске асырылған міндеттер кешені де қатар орын алып келеді.

Неғұрлым іргелі қолданыстағы ақпарат жүйелері салық және кеден комитеттерінің, қазынашылықтың зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ақпарат жүйелері болып табылады. "Республикалық бюджетті жоспарлау", "Мемлекеттік қызмет мамандарын басқару (КБАЖ)", "Мемлекеттік меншікті басқару", "Жеке куәлік және төлқұжат беру жүйелері" және басқа сияқты бірқатар ақпарат жүйелері жұмыс істейді. Ақпарат жүйелерінің тұтастай қатары, соның ішінде Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі жобалар, жер кадастры бойынша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі, ААЖ "Сайлау" және басқа ақпарат жүйелері әзірлеу сатысында тұр.

Бірқатар мемлекеттік органдарда ақпарат жүйелерін сүйемелдеуді ведомствоға

қарасты: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттық құқық орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Жер ресурстары агенттігінің "Жер" ұлттық өндіріс орталығы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкалық сервистік бюросы мекемелері жүзеге асырады:

Ведомствоға қарасты меншікті мекемесі жоқ мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерін сүйемелдеу жөнінде қызметтер көрсетуді қазіргі кезеңде коммерциялық, жекеше IT-компаниялары жүзеге асырады.

2004 жылы ағымдағы бағдарламалар бойынша мемлекеттік органдарды ақпараттандыруға барлығы 2,8 млрд. теңге көзделген, оның 10,9%-ын Қоғамның ( мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерін сүйемелдеу мен сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды) игеруі жоспарланған.

Қоғам қазіргі кезеңде республика салық комитеттерінің ақпарат жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен оны сүйемелдеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруда.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайдалануға берілген жобаларды басқару, сүйемелдеу және әкімшілік ету, жобаларды іске асыруға тартылған жабдықтарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар мен қызметтер көрсетуді орындау жоспарланған (2004 жылға арналған бағдарламаны қаржыландырудың шамамен 20%-ы).

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қарай Қоғамның негізгі клиенттері мемлекеттік құрылымдар мен ведомстволар болады деп көзделініп отыр. Бұдан әрі Қоғам жоспарланған мемлекеттік органдардың қорғалған бірыңғай көліктік ортасы негізінде кешендік ақпараттық қызметтер көрсетудің неғұрлым толық спектрін ұсынуды жоспарлап отыр.

2004 жылдың басындағы жай-күй бойынша Қоғам 750-ден астам клиентке (жеке және заңды тұлғаларға) телекоммуникациялық қызметтер көрсетті.

## 1.3. Қоғамның 2002-2004 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау

### 1.3.1. 2002 жылдың қорытындысы

2002 жыл ішінде Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде есептерге сәйкес мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін жасау жөніндегі, мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын жасау жөніндегі, мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстары мониторингі жөніндегі, электрондық коммерция жүйелерін, аукциондар мен тендерлер жасау жөніндегі, мемлекеттік "Жеке тұлғалар" деректер базасын жасау жөніндегі жұмыстар орындалады .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігімен ұзақ мерзімді шарт шеңберінде 2002 жыл ішінде Қоғам техникалық құралдарға сервистік қызмет көрсету және республиканың салық комитеттері мен кеден басқармаларының ақпарат жүйелерін сүйемелдеу жөнінде жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асырды. Іс жүзінде барлық облыстық салық комитеттерінде 1000-нан астам мемлекеттік қызметшіні "Компьютерлік жабдықтар" мен "Кеңсенің қосымша қағаздарымен жұмыс" курстары бойынша оқытып-үйрету ұйымдастырылып, өткізілді.

Қоғам 400-ден астам клиентке (заңды және жеке тұлғаларға) телекоммуникациялық қызметтер көрсетті. Мұнымен қоса, телекоммуникациялық жабдықтардың табиғи әрі моральдық тозуына байланысты 2002 жыл ішінде қызмет көрсетулерден негізгі клиенттер бас тартып, 84 шарт бұзылды. Қазіргі уақытта Қоғам ұсынатын телекоммуникациялық қызмет көрсетулер спекторы Интернетпен және электрондық пошта қызметімен ғана шектеліп отыр.

Тұтастай алғанда 2002 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметтің қорытындылары бойынша Қоғам алған жалпы кіріс 558 млн. теңгені, оның ішінде негізгі қызметтен алғаны - 449,6 млн. теңгені, негізгі емес қызметтен алғаны 108,4 млн.теңгені (олардың ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді арзандатудан алғаны - 96,5 млн. теңгені) құрады.

2002 жыл ішінде 871,6 млн. теңге сомасына шығыстар жұмсалды, бұл ретте іске асырылған дайын өнімнің (тауардың, жұмыстың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны - 446,9 млн. теңгені, кезең шығыстары - 132,6 млн. теңгені, негізгі емес қызмет шығыстары 292,1 млн. теңгені құрады (олардың ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді шығарып тастау үшін провизия жасау шығыстары - 96,7 млн. теңгені, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді арзандату бойынша шығыстар 193,4 млн. теңгені құрады).

2002 жылғы өндірістік-қаржылық қызметтің қорытындысы бойынша Қоғам 313,6 млн. теңге сомасында шығынға түсті.

Шығынға түсудің негізгі себебі көрсетілген телекоммуникациялық қызметтер көлемінің төмендеуі мен бюджеттік бағдарламаларда көзделген іс-шаралардың уақытында орындалмауы болып табылады.

Телекоммуникациялық қызметтен түсетін кірістің төмендеуі арналардың өте төмен

өткізгіштік қабілеті мен "Банкнет" телекоммуникациялық қызметтің қолданыстағы желісінің қанағаттанғысыз сапасымен сабақтасып жатыр. Осы себептер бойынша 2001 жылы телекоммуникациялық қызмет көрсетулерге арналған 22 шарт бұзылды, 36 шарт тоқтатылып қойылды. 2002 жылы "Банкнет" желісі қызмет көрсетулерінен клиенттердің бас тарту үрдісі сақталып отыр.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша ақшаның игерілмеуінің негізгі себептері:

шарттардың кешірек жоспарланған мерзімдерге жасалуы. Мәселен, бес бюджеттік бағдарлама бойынша шарттар 2002 жылғы сәуірдің соңында ғана жасалды;

бюджеттік бағдарламалар бойынша техникалық тапсырмалардың мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу ресімдерінің ұзақтығы болып табылады.

2002 жылы бюджетке жалпы сомасы 71,2 млн. теңге нақты салықтар және басқа да төлемдер төленді.

### 1.3.2. 2003 жылдың қорытындысы

2003 жылы өндірістік жұмыстар: Мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын орындау, мемлекеттік органдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету және телекоммуникациялық қызмет көрсетулер ұсыну сияқты үш негізгі бағытта жүзеге асырылды.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 6 ақпараттық жоба жөніндегі жұмыстар, оның ішінде:

20 мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі ( бұдан әрі - ЭҚА БЖ) бойынша 1-кезекті енгізу және қондыру, ЭҚА БЖ-ның 2-ші кезектегі құру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

"Мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарының мемлекеттік тіркелімі" ақпарат жүйелерін сүйемелдеу және дамыту жөніндегі жұмыстар;

ЭҚА БЖ және "Жеке тұлға" мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі - МДҚ) жобаларын басқару;

Дүниежүзілік сауда ұйымы (БСҰ) мен Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің веб-сайтын әзірлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын сүйемелдеу және дамыту;

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайдаланатын техникалық құралдарға қызмет көрсету орындалды.

2003 жылы мемлекеттік органдардың карауға ұсынылған ақпараттық жобалары мен техникалық ерекшеліктеріне сараптама жүргізілді.

2003 жылы Қоғам Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне қызмет көрсету және оны сүйемелдеу компьютерлік, желілік және

периферриялық жабдықтау жөніндегі ұзақ мерзімді шарттың міндеттемелері бойынша жұмыстар орындауды жалғастырды.

Жыл ішінде Қоғам сонымен қатар 500-ден астам клиентке телекоммуникациялық ( Интернет, электрондық пошта, Блумберг) қызмет көрсетулер ұсынды.

Есепті жылдың 4-нші тоқсаны бойынша, Қоғамның қаржылық жағдайын жақсарту мақсатында (2003 жылдың 9 айдағы қорытындысы бойынша 111 млн. теңге сомасында шығынға батты) өндірістік емес шығыстарды қысқарту, сондай-ақ шығындарды жұмсауға қатаң бақылау орнату есебінен шығыстарды оңтайландыру бөлігінде іс-шаралар жүргізілді.

Нәтижесінде қаржылық-шаруашылық қызметтің 2003 жылғы 4-ші тоқсанының қорытындысы бойынша Қоғам 15,4 млн. теңге сомасында таза табыс алды.

Тұтастай алғанда 2003 жылы 443,7 млн. теңге сомасында табыс тапты, оның ішінде негізгі қызметтің табысы - 432 млн. теңгені, негізгі емес қызметтікі 11,7 млн. теңгені құрады.

2003 жылы Қоғам 539,3 млн. теңге сомасында шығыстар жүргізді. Шығыстар құрылымы былайша қалыптасты:

сатылған дайын өнімнің (тауардың, жұмыстың қызмет көрсетулердің) өзіндік құны - 405,5 млн. теңге;

кезең шығыстары - 128,8 млн. теңге;

негізгі емес қызмет шығыстары - 5,1 млн. теңге.

Тұтастай алғанда 2003 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам 95,6 млн. теңге мөлшерінде залалға түсті.

Залалға түсудің негізгі себептері:

1) телекоммуникациялық қызметтің өз жеке телекоммуникациялық желілерін құруға немесе олардың басқа провайдерлерге (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі) көшуіне байланысты клиенттердің бұлардан жаппай кетуінен телекоммуникациялық қызмет көрсетулерден түсетін кірістің 3 есе төмендеуі;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жасасқан шарт бойынша соманың 2003 жылға 24,2 млн. теңгеге қысқартылуы;

3) Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен жасасқан шарттар бойынша кейбір іс-шаралардың орындалу мерзімін 15.03.04 жылға дейін көшіру болып табылады.

2003 жыл ішінде бюджетке жалпы сомасы 92,6 млн. теңге салықтар мен басқа да төлемдер төленді.

Қоғамның шығынды қызметіне байланысты 2003 жылғы қорытындылар бойынша 6,6 млн. теңге көлемінде жоспарланған акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер аудару мен төлеу жүзеге асырылған жоқ.

## 1.3.3. 2004 жылғы күтілетін нәтижелер

2004 жылы мынадай негізгі іс-шаралар жүргізу жоспарланып отыр:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жұмыстар атқару, оның ішінде: "Атаулы тіркелім" ақпарат жүйесін жасауға техникалық тапсырма әзірлеу, мемлекеттік органдарда электрондық құжаттар айналымы бірыңғай жүйесіне әкімшілік ету, ақпарат ресурстары жүйесі мониторингін сүйемелдеу мен дамыту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-порталын сүйемелдеу мен дамыту, Мемлекеттік ЭҚА БЖ мен деректер базасы жобаларын басқару;

ақпараттандыру саласында нормативтік-әдістемелік құжаттар жобаларын әзірлеуге қатысу;

мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерін сервистік сүйемелдеу мен жабдықтарына сервистік жүйелік-техникалық қызметтер көрсету;

мемлекеттік органдар үшін бірыңғай коммуникативтік орта құру мен оны техникалық қолдау;

телекоммуникациялық қызметтер көрсету.

2004 жылы Қоғам жалпы сомасы 560,8 млн. теңге кіріс алуды жоспарлап отыр. Қоғамның негізгі қызметінен 556,3 млн. теңге сомасында кіріс алу жоспарланған, оның ішінде Мемлекеттік бағдарлама бойынша іс-шараларды іске асырудан түсетін кіріс - 265,3 млн. теңгені, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеттері мен мемлекеттік органдар жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу бойынша кіріс - 246 млн. теңгені, телекоммуникациялық қызмет көрсетулер үшін кіріс - 45 млн. теңгені құрайды.

Негізгі емес қызметтерден 4,5 млн. теңге сомасында кіріс алу жоспарланған.

2004 жылы Қоғамның шығысы 555,6 млн. теңгені құрайды. Шығыстар құрылымы былайша қалыптасады:

жұмыстар мен қызмет көрсетулердің өзіндік құны - 463,7 млн. теңге;

кезең шығыстары - 87,7 млн. теңге, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығыстар 70,6 млн. теңгені құрайды;

негізгі емес қызметтерге байланысты шығыстар - 4,2 млн. теңге.

2004 жылдың қорытындысы бойынша 5,2 млн. теңге сомасында таза кіріс алынады деп күтілуде.

Қоғам 2004 жылдың қорытындылары бойынша акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер аударуды жоспарлап отырған жоқ, өйткені Қоғам жарғысына сәйкес қызметті жүзеге асыруға байланысты залалдарды жабу үшін жарияланған жарғылық капиталдың кемінде 15 пайызы мөлшерінде (кемінде 91,5 млн. теңге) резервтік капитал жасау қажет. Қазіргі уақытта Қоғамның қалыптасқан капиталы іс жүзінде 45,3 млн. теңгені құрайды және жыл қорытындысы бойынша алынған 5,2 млн. теңге

сомасындағы таза кірісті толық көлемінде Қоғамның резервтік капиталын толықтыруға жіберу жоспарланып отыр.

Қоғамның орта тізімдік саны 2005 жылғы бірінші қаңтардың жай-күйі бойынша 274 адамды құрады.

2004 жыл ішінде Қоғам ақпараттандыру саласында Ұлттық оператор мәртебесін алып, ақпарат нарығында өз позициясын толық айқындап алды, бұл Қоғамның мықты жағы болып табылады.

Қоғамның негізгі міндеттерін орындау мақсатында 2004 жылы мемлекеттік органдарды жүйелік-техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету және олардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу үшін негізгі және аймақтық сервис-орталықтардың техникалық базасын одан әрі қалыптастыру мен дамыту жалғастырылды, сондай-ақ компания мамандарының қызметін негізгі бағыттары бойынша ұдайы біліктілік деңгейін көтеріп отыру талап етіледі.

## 1.4. Қоғам өткізетін іс-шаралар

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) іске асыру шеңберінде Қоғамның Қазақстандағы ақпараттық технологиялар паркін дамыту жөніндегі іс-шараларға қатысуы жоспарлануда. Ақпараттық технологиялар саласында Қазақстан қызметін ұсыну үшін Ганновер жәрмеңкесіне (2004 жылғы сәуір) қатысты.

Индустриалдық-инновациялық саясаттың бірінші кезектегі міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының шараларына сәйкес, Республикалық бюджет комиссиясы отырысының 2003 жылғы 18 тамыздағы N 19 хаттамалық шешімін орындау үшін Қоғам 2000-2002 жылдары мемлекеттік органдарды ақпараттандыруға республикалық бюджеттен бөлінген шығындарға және ақпарат жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік органдарды жоспарлау мен нормативтеу бойынша ұсыныстар жасалды. Қоғамның қатысуымен мемлекеттік органдар үшін әзірленген құжаттама (техникалық құралдармен қамтамасыз етушілік нормативтері және Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау жөніндегі нұсқаулық) 2005 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде іс жүзінде қолданылды.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезінде Қоғам бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады, жұмыстар атқару мен жобаларды басқару мониторингін жүргізеді. Мемлекеттік бағдарлама жеті кіші бағдарламаны (ақпарат ресурстары жай-күйінің мониторингі, деректерді электрондық алмасу стандарттарын құру, электрондық коммерциялар, аукциондар мен тендерлер енгізу, мемлекеттік органдардың ақпарат

инфрақұрылымын құру, мемлекеттік ақпарат жүйелерін интеграциялық, мемлекеттік деректер базасын жасау, әлеуметтік-экономикалық даму мониторингі) іске асыруды көздейді. 2003 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қоғам Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысы туралы есеп дайындап, ол Ұлттық ақпарат инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстар мен Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары жөніндегі қызметті үйлестіру жөніндегі комиссияның 2003 жылғы 4 желтоқсандағы отырысында (N17-52/И-693 хаттама) қаралып, назарға алынды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қоғам 2001 жылдан бастап Мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық мемлекеттік тіркелімін дамыту мен сүйемелдеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Веб-сайты жөніндегі Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі мен Мемлекеттік деректер базасы ( "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар" және "Қазақстан ресурстары") жобаларын басқаруға қатысу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырып отыр.

Қоғам Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" (бұдан әрі - е-үкімет) инфрақұрылымын қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу жөнінде жұмыстар жүргізді. Қазақстан Республикасында "электронды үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілді.

Қоғам дамуының перспективалық бағыттарының бірі ақпараттық технологиялар саласында жетекші халықаралық IT-компанияларымен әріптестік қарым-қатынасты жолға қою болып табылады. Мәселен, Siemens AG компаниясымен, D21 (Германия) Қоғамымен, Crimson Logic-пен, Молдова Республикасы Ақпараттандыру департаментімен өзара қарым-қатынасты жолға қойып Samsung компаниясымен меморандумға қол қою жоспарлануда.

## 1.5. 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспары

### 1.5.1. Мақсаттары мен міндеттері

Қазіргі таңда ведомствоаралық ақпарат жүйелерінде түрлі қатынас орын алып отыр, бірқатар мемлекеттік органдарда ақпараттандыру жөніндегі жұмыстарды бөлімшелер бойынша бөлек жоспарлау орын алып, нәтижесінде жекелеген өзара байланыссыз бағдарламалық өнімдер пайда болуда. Мемлекеттік органдарда деректер берудің бірыңғай желісінің жоқтығы, ведомствоаралық деректер базасын интеграциялаудың

аяқталмауы, нормативтік базаның дайын болмауы, қажетті жіктеуіштердің жоқтығы т.б. аяқтан шалып отыр.

Қоғамның жоспарланған мерзімдегі негізгі мақсаты электрондық үкімет құру үшін базалық инфрақұрылым қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты алда тұрған кезеңнің негізгі міндеттері:

қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру, оның ішінде е-үкіметтің инфрақұрылымын құру, іске асыру және қызмет көрсету, мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын интеграциялау;

мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне жүйелік-техникалық қызметтер көрсету мен сүйемелдеуді қамтамасыз ету, телекоммуникациялық қызметтер көрсету үшін Қоғамның сервис орталықтарын қалыптастыру болып табылады.

### 1.5.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолдарын таңдау

Ақпараттандыру саласында Мемлекеттік ақпарат жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық оператордың қызметіне сәйкес олардың әлемдік ақпарат ресурстары мен ақпарат жүйелеріне интеграциялануы, ведомствоаралық ақпарат жүйелерін пайдалану мен сүйемелдеуді қамтамасыз ету және тиісті өкілеттіктерді іске асыру үшін Қоғам алға қойылған міндеттерге мынадай негізгі бағыттарды дамыту жолымен қол жеткізуді жоспарлап отыр:

ақпараттық технология саласында алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу және олармен ынтымақтасу;

оқытып-үйрету және жоғары білікті ұжым қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы ұлттық ақпарат инфрақұрылымының нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру мен жетілдіруге қатысу;

мемлекеттік органдардың қолданыстағы және құрылып жатқан ақпарат жүйелерінің интеграциясы.

### Ақпараттандыру саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу мен ынтымақтасу

Қоғам дамуының перспективалық бағыттарының бірі ақпараттандыру саласындағы жетекші халықаралық IT-компаниялармен серіктестік қатынастарды жолға қою болып табылады.

Халықаралық байланыстарды кеңейту, семинарларға, симпозиумдарға, көрмелерге, бірлескен жобаларға қатысу және т.б. арқылы ақпараттық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу Қоғамға

неғұрлым қолайлы кешендік шешімдерді іске асыру үшін ұсыныс жасауға, Қоғам мамандары мен ақпарат жүйелерін пайдаланушылардың деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

## Оқытып-үйрету және жоғары білікті ұжым қалыптастыру

Қоғам қызметкерлерін оқытып-үйрету, қайта даярлау, біліктілік деңгейін әрдайым көтеріп отыру алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажетті шарттар болып табылады.

Осы мақсатта елдің, алыс және жақын шетелдердің қызметтің негізгі бағыттарына: жобаларды басқаруға ақпарат ресурстарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, операциялық жүйелерді, білімді басқару (Documentum Verity және т.б.) жүйелерін және деректер базасын (DB2, Oracle, SYBASE және т.б.) басқару жүйелерін сүйемелдеуге, әртүрлі өндірушілердің серверлеріне жүйелік-техникалық қызметтер көрсетуге және т.б. байланысты жетекші оқыту орталықтарында Қоғам мамандарын даярлау жалғасатын болады.

## Қазақстан Республикасының ұлттық ақпарат инфрақұрылымының нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру мен жетілдіруге қатысу

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпарат инфрақұрылымын дамыту нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді талап етеді. Осы мақсатта 2005 жылы ақпараттандыру саласындағы:

растау орталығының қызметін;

электрондық коммерция саласындағы құқықтық қатынастарды;

ЭҚА БЖ қызметінің регламентін;

ақпараттандыру саласындағы қазақстандық заңнамаларды кезең-кезеңімен халықаралық стандартқа келтіруді реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қатысу жоспарлануда:

22 ұйымды (оның ішінде 4 мемлекеттік органды: ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігін, ҚР Ұлттық банкін және басқаларды) қамтитын Қоғам жанында қызмет ететін ақпараттандыру жөніндегі ТК-34 техникалық комитет (ҚР Мемстандарттың 2001 жылғы 27 маусымдағы N 274 бұйрығы) ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында стандарттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Жобаларды басқару жөніндегі жұмыстарды сапалы орындау үшін 2005 жылы

басқарушылық шешімдерді құжаттау мен оларды бақылау ресімдеріне жоғары талаптарды көздейтін ISO-9001 сапалы сертификат алу жөнінде іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

### 1.5.3. Қоғам 2005-2007 жылдарға жоспарлаған іс-шаралар

Стратегияға сәйкес негізгі міндеттердің бірі ұлттық ақпарат инфрақұрылымын ( ҰАИ) ашық жүйелер тұжырымдамасы негізінде әлемдік қоғамдастық іске асыратын ғаламдық ақпарат инфрақұрылымның (Global Information Infrastructure - GII) бөлігі ретінде бірте-бірте дамыту, сондай-ақ бағдарламалық өнімдер мен софт-технологияларды дамытуды ынталандыру болып табылады.

Қоғам қызметі Стратегияның ақпараттық технологиялар саласындағы мынадай негізгі бағыттарын дамытуға жәрдемдесетін болады:

ҰАИ дамуына жәрдемдесетін ашық және тұрақты нормативтік құқықтық база мен стандарттар құру;

халықтың, шаруашылық субъектілерінің, қоғамдық ұйымдардың және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ҰАИ-ға әмбебап қолжетімділігін қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдар порталдары мекемесін, мемлекеттік деректер базасын және құжат айналымының рәсімдерін қоса алғанда, "электрондық үкіметті әзірлеу және енгізу;

мемлекеттік құралдар мен ақпараттандыру жүйелерін стандарттау, сәйкестендіру және сертификаттау;

әлемдік және ішкі рыноктардың жаңа мүмкіндіктерін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық коммерцияның кең ауқымын енгізуге жәрдемдесу;

мемлекеттік сатып алу саласында электрондық аукциондар мен тендерлер тетігін енгізу;

электрондық оқу мекемелері мен кітапханаларын құруды қолдау есебінен халықтың білім деңгейін көтеру;

бағдарламалық құралдар мен софт-технологиялардың ұлттық индустриясын дамытуды жан-жақты қолдау.

Бұдан басқа, бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мен ақпараттандыру саласында тәжірибе алмасуға байланысты трансұлттық және іргелі шетелдік компаниялармен қатынастарды кеңейту мен дамыту жоспарлануда.

Е-үкімет инфрақұрылымын қалыптастырудың әрбір кезеңінде дұрыс стратегия мен тактиканы жүзеге асыру, атқарушы, заң шығарушы биліктердің және сот билігінің барлық деңгейлерін, бизнесті, университеттерді, қоғамдық ұйымдар мен азаматтарды - барлық процеске қатысушыларды тиімді ұйымдастыру, үйлестіру және өзара іс-қимыл жасату үшін Қоғам Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет"

инфрақұрылымын қалыптастыру бағдарламасын пысықтау жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Ел ауқымында Интернет-технологияларға көшу үкіметтік мекемелер қызметінің барлық негізгі нысандарының трансформациясын білдіреді және елеулі қаржылық шығындар мен өзара байланысты саяси, құқықтық әкімшілік пен технологиялық мәселелердің тұтастай кешенін шешуді талап ететін күрделі процесс болып табылады.

Е-үкіметтің тұжырымдамасы мемлекеттік органдар қызметінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың ұйымдастырушылық, әдістемелік және технологиялық қағидаттарын айқындайды және әкімшілік реформа мен мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуды қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Қоғамның қатысуымен е-үкіметке көшудің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу белгіленеді:

мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қоғам жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық және әдістемелік база жасау;

ақпарат ресурстары мен мемлекеттік билік органдары жүйелерін интеграциялау;

мемлекеттік ақпарат ресурстары мен қызмет көрсетулерге (қаражатының болуы, даярлығы мен білім деңгей, жас шамасы мен әлеуметтік жағдайы ескеріле отырып) қолжетімді әмбебап қоғамдық орталықтар құру;

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында кәсіби білім мен қайта даярлау жүйесін өрістету.

Е-үкімет инфрақұрылымын құрудың әлемдік тәжірибесін назарға ала отырып, мемлекеттік органдардың ақпарат жүйесі мен басталған жұмыстардың жай-күйін ескере отырып, е-үкімет тұжырымдамасын іске асыруды кезең-кезеңмен жүзеге асыру жоспарлануда (1-кесте). Е-үкіметтің 1-ші кезеңін іске асыру жөніндегі дайындық жұмыстары 2004 жылдан-ақ басталады.

Е-үкіметті іске асырудың кезеңдері

1-кесте

| **I) Заңнамалық және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету** | | | |
|---|---|---|---|
| **жыл-дар** | **2005** | **2006** | **2007** |
| | | 1) ақпараттан-дыру саласын-дағы түрлі аспектілерді реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, стандарттарға талдау жүргізу; | 1) "Ақпараттан-дыру туралы" Қазақстан Респуб-ликасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында стандарттар мен жіктеуіштер әзірлеу және енгізу;<br>2) "Ақпарат және ақпаратты қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заң жобасын дайындауға қатысу. | 2) Ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер тірке-лімінің жұмыс істеу ереже-сіне өзгеріс-тер мен то-лықтырулар әзірлеуге қатысу;<br>3) мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік орта-сын құру және оның жұмыс істеуін рет-тейтін норма-тивтік құқықтық актілер әзір-леуге қатысу;<br>4) Интернет желісіндегі қазақстандық сегменттің домендік кеңістігін бөлу тәртібіне толықтырулар енгізу. | әзірлеуге қатысу;<br>2) Мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсету-лерін әзірлеу, қабылдап алу, сүйемелдеу және дамыту ережесін әзірлеуге қатысу;<br>3) деректерді интеграциялануын, ақпараттық ресурстар мен жүйелердің қор-ғалуын қамтамасыз ететін ұлттық технологиялық стандарттар әзір-леуге және/немесе халықаралық технологиялық стандарттарды қабылдауға қатысу. |
| **II) Е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру** | | | |
| Қазақстан Республи-касы е-үкіметі-нің порталы | 1) мемлекеттік органдарда қолданылатын Интернет шешім-дерді (сайттарды, порталдарды) талдау;<br>2) электрондық үкіметтің Веб-портал тұжы-рымдамасын әзір-леу;<br>3) электрондық үкіметтің Веб-порталын құруға техникалық тап-сырма әзірлеу. | 1) е-үкімет порталын пи-лоттық аймақта тәжірибе тү-рінде пайдала-нуды енгізу;<br>2) е-үкімет порталында пайдаланушы-лардың дербес-тендіру мен сәйкестендіру құралдарын енгізу;<br>3) е-үкімет порталының Веб-интерфейсін әзірлеу. | 1) е-үкімет порталының Веб-интерфейсін дамыту;<br>2) е-үкімет қызмет көрсету-лерін біртіндеп іске қосу;<br>3) мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетуле-рін интеграция-лауды және оларға қол жет-кізуді қамтамасыз ететін бір тере-зелі Шлюзді іске асыру. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Растау орталығы (РУ) | ҚР МО ЭҚА БЖ үшін АҚ жұмыс істеуі үшін бағдарламалық және техникалық құралдар сатып алу және енгізу | 1) е-үкіметтің порталына қызмет көрсету үшін КО тұжы-рымдамасын, техникалық тапсырмасын және техно-жұмыстық жобасын әзірлеу;<br><br>2) е-үкімет порталына қызмет көрсету үшін КО бағдар-ламалық-техникалық құралдарын сатып алу және пилоттық аймақта енгізу. | Көбейтіп басу үшін техникалық құралдар мен лицензияланған базалық бағдар-ламалық қамтама-сыз етуді сатып алу. |
| Мемлекеттік жүйе құрушы деректер базасы | 1) "Жеке тұлға-лар" МДБ АЖ пилоттық аймақта енгізу;<br>2) "Заңды тұлға-лар" МДБ әзірлеу және оны АЖ пилоттық аймақта енгізу;<br>3) ТТ жобалау, "Атаулы тіркелім " МДБ әзірлеу және оны АЖ пилоттық аймақта енгізу;<br>4) ТТ әзірлеу және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДБ АЖ жобалау. | 1) "Жеке тұлғалар" АЖ МДБ енгізу;<br>2) "Заңды тұлғалар" АЖ МДБ тәжірибе түрінде пайдалану;<br>3) "Атаулы тіркелім" МДБ және "Жылжы-майтын мүлік тіркелімі" АЖ МДБ пилоттық аймақта енгізу және одан әрі дамыту. | 1) "Заңды тұлға-лар" АЖ МДБ, "Атаулы тіркелім" МДБ және "Жылжы-майтын мүлік тіркелімі" МДБ енгізу;<br>2) мемлекеттік жүйелер құрушы деректер базасы жобаларын дамыту және оларды ведомствоаралық ақпарат жүйелерімен интеграциялау. |
| Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы | 1) мемлекеттік органдардың бірыңғай мульти-сервистік көліктік ортасына арналған техни-калық-экономикалық негіздемелер (ТЭО) және ТТ әзірлеу;<br>2) Астана қала-сында пилоттық аймақ құру үшін техникалық құрал-дар сатып алу | 1) техникалық тапсырма мен техно-жұмыстық жоба әзірлеу, техникалық құралдарды құрастыру және жолға қою, Астана қ. пилоттық ай-мағында база-лық бағдарла-малық қамтама-сыз етуді сатып алу және қондыру;<br>2) әкімшілік ету, техника-лық қызметтер көрсету, теле-коммуникация- | 1) магистралдар, облыстық орта-лықтар мен спутниктік сег-мент құру үшін техникалық тап-сырма мен техно-жұмыстық жоба әзірлеу, техни-калық құралдарды құрастыру және жолға қою, база-лық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және қондыру;<br>2) әкімшілік ету, техникалық қыз-меттер көрсету, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | лық қызмет көрсетулер ұсыну. | телекоммуникация-лық қызмет көрсетулер ұсыну. |
| **III) Қолжетімділікті ұйымдастыру және ақпараттық теңсіздікті жоюға қатысу** | | | |
| | 1) Қазақстан Республикасында ақпараттық қоғам қалыптастыру мен оны дамытудың тұжырымдамасын әзірлеуге қатысу | 1) қолжетімді-ліктің қоғам-дық пункттерін ұйымдастыру жөнінде жоба дайындау; 2)"ақпараттық теңсіздікті" жою жөніндегі орындалатын іс-шаралар мониторингін жүзеге асыру. | 1) Қаз Пошта" АҚ базасына, көпшілік кітапханаларға қолжетімділіктің қоғамдық пункт-терін өрістету; 2) "ақпараттық теңсіздікті" жою жөніндегі орын-далатын іс-шара-лар мониторингін жүзеге асыру. |

## 1.5.4. Өнім өндірудің даму серпіні

Қоғамның жоспарлы кезеңге өндірістік қызметі үш негізгі бағыт: Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі іс-шараларды орындау, мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен сүйемелдеу, телекоммуникациялық қызметтер көрсету бойынша жұмыстарды жалғастыруды көздейді.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде ведомствоаралық ақпарат жүйелерін, олардың тәжірибе түрінде пайдалануға өткізілуіне қарай, сүйемелдеу жөніндегі, оның ішінде мемлекеттік органдардың бірыңғай мультисервистік көліктік ортасын құру мен оған қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар мен қызмет көрсетулер көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұдан басқа, 2005-2007 жылдар ішінде ақпараттандыру саласында жобаларды басқару, нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру, ақпарат ресурстарының мониторингі жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде жұмыстар жүргізу көзделуде.

